

Бекіткен
«Аққу» балалар жасөспірімдер клубының
меңгерушісі: *Нұржанов*



Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Аналар-Асыл анам!»



Ортаңғы «Қарлығаш» тобы

Тәрбиешілер: *Абишева У.*
Нсәмбетова Ж.

2023 ж

Балалар залға кіреді

Жүргізуші: Өмірдің иесі сен газиз ана,
Келтірген дүниеге нелер дана.
Анасыз батырда жоқ, ақында жоқ,
Өмірдің алтын кілті сонда ғана

Мейрамбек: Қымбатты әжелер, аналар, апалар, қыздар. Сіздерді 8-наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз. Мерекелеріңіз құтты болсын.

Жүргізуші: «Қарлығаш» тобының орындауында

Ән: «Айналайын ақ-мамам»

Жүргізуші: «Анамның әрбір сөзі жылылыққа толы
Анамның көз нұры тастай мұздыда жібітеді-демекші.
балаларымыздың аналарына арналған тақпақтарын тілектерін қабыл алыңыздар

Алиасқар: Мерексі бүгін
Алтын мамамның
Сыйлайыңшы гүлін
Жарқын даламның

Қазына: Құтты болсын ақ анам
Сегізінші наурызың
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың

Жансая: Күлімдеген көзі,
Күннің нұрындай.
Қызым деген сөзі,
Ақын жырындай

Алихан: Сенен оскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті жан аналар.

Музыка әуенімен дыбыстар естіледі.

Жүргізуші: Балалар тыңдайықшы бұл ненің дыбысы екен?

Балалар: Құстардың,

Жүргізуші: Тағы қандай дыбыс естіп тұрсыңдар?

Балалар: Сыңғырлаған судың

Жүргізуші: Өте жақсы қазір жылдың қай мезгілі

Балалар: Көктем мезгілі

Музыка әуенімен көктем кіреді.

Көктем: Мен көктеммін көктеммін,

Былыр келіп кеткенмін,

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал еккенмін.

Жайнататын бар гүлді,

Сайрататын бұлбұлды.

Тілеп жылға ақ қадам,

Ән арнайды ел маған.

Тіршіліктің бастауы,

Көктем айы мен болам.

Әлемдегі ең әдемі аналарды құттықтауға келдім. Сіздерге зор денсаулық пен ашық аспан тілеймін.

Жүргізуші: Қош келдің көктем

Көктем: Мен осында гүлдерды көріп тұрмын ғой.

Олардың билерін сағындым. Билеп бересіңдер ме?

Жүргізуші: Иа көктем ханшайымы, біздің балаларымыз бен билеңіз.

Би: «Ромашка»

Орындайтындар: Раяна, Аяна, Айару, Луиза, Раяна, Айсана, Бақытжан, Аслан, Абілмансұр, Қайрат, Мұрат, Алинур.

Жүргізуші: Қариясы бар үйдің қазынасы бай, деп бекер айтпаған дана халқымыз. Сүйікті әжселерімізді де мерекесімен құттықтап қояйық. Біздің балаларымыздың сүйікті әжселеріне арналған тақпақтарын орындап береді.

Бақытжан: Ертеке қандай көп еді,
Күнде айтып береді.
Қуанатын балаша,
Менің әжем тамаша.

Раяна: Менің әжем ақ әжем
Менің әжем жыр әжем
Ұл мен қыздың бағы әжем
Шуағы мол нұр әжем

Сезім: Қандай бала болмайық,
Әжемізге дәріміз.
Көтерейікші көңілін,
Ән салайық бәріміз.

Аслан: Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,
Кәмпіт алып келеді.
Әжем мені үйткені,
Өте жақсы көреді

Амина: Ақ әжеміз күніміз,
Әженің бір гүліміз.
Әже бізді қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жүргізуші Әжемді мейрамымен құттықтаймын
Айтатын ән беретін гүлім дайын
Әжесі сені жақсы көремін деп
Ақырын құлағыңа сыбырлаймын.

Жүргізуші: Көктем күні керемет
Жаңбыр жауар себелеп
Күн ашылса болғаны
Көлбеңдейді көбелек

Ән: «Айналайын ақ әжем»

Луиза: Ақ анашым аппағым
Өзің жайлы таппағым
Өзің жайлы әнімде
Арнадым саған бәрінде

Назым: Жыл басы наурыз мереке,
Ақ нұрға әсем боянды.
Аналар тойы береке.
Тіршілік жаңа оянды.

Томирис: Анам менің ақ мамам
Балапаным деп мақтаған
Анам барда әрдайым
Қуанамын шаттанам

Жүргізуші Көктем күні керемет
Жаңбыр жауар себелеп
Күн ашылса болғаны
Көлбеңдейді іаралармен көбелек

«Аралар» биін тамашаланыздар
Орындайтындар: Әмина, Нұрдана, Томирис, Жансая, Алиасқар, Расул, Ақжол,
Алихан.

Тақпақтарымызбен жалғастырамыз, ортаға

Ақжол: Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым
Өлең айтып бүгін саған
Мейрамыңмен құттықтаймын

Мурат: Біз доспыз гүлдермен
Тек оны жұлмаймыз
Той күнә бір бірден
Анаға сыйлаймыз

Нұрдана: Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдептен бас иеміз

Айсана: Әр сөзімді жаттаған
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

Жүргізуші: «ЖЕНТЕЛМЕН» биі
Орындайтындар: Аңсар, Адilet, Нұрасыл, Алімжан, Сезім, Назым,
Қазына.МУХАМЕДИЯР
Жүргізуші: ортаға тақпақ айтуға

Расул: Анашым анам
Ризамын саған
Тіліңді аламын
Ақылды боламын

Алинұр: Ақ жүректе сақтаған
Жарқын жүзің бақ маған
Ақ бетіңді сүйемін
Келші, келші ақ мамам

Абілмансур: Анам менің ақ мамам
Балапаным деп мақтаған
Анам барда әрдайым
Қуанамын шаттанам

Мұхамедияр: Бүгінгі көктем күнінде
Барлық адам қуанар
Аналарды мейраммен
Құттықтайды балалар

Жүргізуші: Ана деген ұлы есім
Бақ тілесе анадай ақ тілесін
Ана деген ардақты ат, сен оны
Ана жайлы тақпақ айтса білесің

Жүргізуші: Аналарға арналған тақпақтарымызды жалғастырамыз ортаға
АТА-АНАмен ойын 5-би

Қайрат: Ана біздің күніміз
Ананың біз гүліміз
Құрметтейміз ананы
Құттықтаймыз бүгін біз

Аяна: Шай ішетін қоюлап
Жақсы көрем анамды
Сырмақ сырған оюлап
Жақсы көрем анамды

Нұрасыл: Менің анам ақылышым
Күн секілді білгенге
Шашырайды шуағы
Үйімізге кіргенде

Айару: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Үлкендерді қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Әділет: Айналайын анашым
Жұмысқа сен барасың
Қайтіп мені көргенше
Шын сағынып қаласың

Раяна С: Наурыз тойы-тамаша
Наурыз тойы-жаңаша
Табиғат та тамаша
Тамылжып тұр жараса

Би: «Флешмоб» балалардың орындауында

О анашым анашым тирегім
Бар бакытты бірбасыңа тіледім
Мені жақсы болса екен деп қашанда
Лүпілдейді сенің қамқор жүрегін

Би. Анаға сыйлық»

Тәрбиеші: Қымбатты да аяулы аналары! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейрімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер! Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Ертеңгілігімізді тамашалағандарыңыз үшін рахмет! Сау болыңыздар!